

## **ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕМАЛЫСЫН, БОС УАҚЫТЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

**Мектеп жанындағы лагерьлерді ашудың мақсаты** - жазғы демалыс кезінде білім алушылардың денсаулығын нығайту және бос уақытын ұйымдастыру, жеке тұлғаның шығармашылық және зияткерлік әлеуетін, оның жеке қабілеттері мен дағдыларын, өз мүдделерін, бейімділігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық белсенділігін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

### **Міндеттері:**

- балаларды дамыту мен тәрбиелеуді сауықтыру демалысымен ұштастыра отырып, балалармен жұмыс жүргізу;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу;
- балаларда қарым-қатынас және толеранттылық дағдыларын қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### **Жазғы лагерьдің жұмысын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**

Демалыс кезеңінде балалардың демалысын, сауықтыруды, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда іске асырылады және Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы;
4. Бала құқықтары туралы конвенция;
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
6. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы (өзгерістер және толықтырулармен);
7. «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығы;
8. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

9. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

10. «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;

11. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ.

### **Мектеп жанындағы лагерь құжаттарының тізімі**

#### **Ұйымдастырушылық құжаттар:**

1. Лагерьді құру туралы бұйрық (Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде).
2. Лагерь туралы ереже.
3. Штаттық кестесі.
4. Лагерь әкімшілігі арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрық.
5. Лауазымдық нұсқаулықтар.
6. Лагерьдегі ішкі еңбек тәртібі ережелері.
7. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі құжаттар (нұсқаулықтар, журнал).
8. Лагерьді қабылдау және тапсыру актісі.
9. Қаржылық-бухгалтерлік құжаттар.
10. Лагерь қызметкерлерінің жұмыс кестесі.
11. Лагерь қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары.

#### **Тәрбие-сауықтыру процесін реттейтін құжаттар:**

1. Мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс бағдарламасы.
2. Лагерьдің барлық кезеңге арналған тәрбие-сауықтыру жұмысының жоспар-кестесі.
3. Лагерьдің жұмыс режимі.
4. Тәлімгерлер мен тәрбиешілердің күнтізбелік жоспары.
5. Балаларды отрядтар бойынша бөлу журналы (тізімдері).

#### **Мектеп жанындағы лагерьде балалармен жұмыс істеудің болжамды формалары:**

- **сауықтыру жұмысы** - медицина қызметкерінің балаларды күнделікті тексеруі, таңертеңгі гимнастика, таза ауада болу, жаяу экскурсиялар ұйымдастыру, балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру;

- **спорттық** - жеңіл атлетикадан жарыстар, турнирлер, спорттық жарыстар мен ойындар, эстафеталар;

- **экологиялық-өлкетану** - жорықтар, экскурсиялар, десанттар;

- **зияткерлік-танымдық** - квест, викториналар, әңгімелер, дәрістер, мәдени-демалыс мекемелеріне бару, танымал адамдармен кездесу, тренингтер;

- **рұхани-эстетикалық** - конкурстар, флешмоб, көрмелер, мерекелер, концерттер, шоулар, дискотекалар, ойын және ойын-сауық-танымдық бағдарламалар, шеберлік сыныптары.

**Лагерь жұмысынан күтілетін нәтижелері:**

- балалардың денсаулығын нығайту;

- балалардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға деген қызығушылығын дамыту;

- Өзіне, қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыру;

- балалардың қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастыққа қызығушылығы;

- ақпараттық-коммуникациялық қызметке деген құштарлық;

- лагерьдегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту;

- әр түрлі жастағы және ұлтты балалар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту.

## Мектеп жанындағы лагерьдің тиімділігін анықтайтын өлшемшарттар

Білім беру ұйымының атауы \_\_\_\_\_

№	Құжаттар/ талаптар тізімі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді	Ескерту
1	Нормативтік құжаттар			
	Білім басқармасының бұйрығы			
2	Лагерьді құру туралы бұйрық (Астана қаласының Білім басқармасының бұйрығы негізінде)			
3	Лагерь туралы ереже			
4	Уақытша штаттық кесте			
5	Лагерь әкімшілігі арасында міндеттерді өзара бөлу туралы бұйрық			
6	Лауазымды нұсқаулық			
7	Лагерьдегі ішкі еңбек тәртібі ережелері			
8	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі құжаттар (нұсқаулықтар, журнал)			
9	Лагерь қызметкерлерінің жұмыс кестесі			
10	Лагерь қызметкерлерінің санитарлық кітаптары			
11	Мектеп жанындағы лагерь жұмысының бағдарламасы			

12	Балалар мен жасөспірімдерге рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие беруді, салауатты өмір салтын қалыптастыруды, әртүрлі қызмет түрлерінде балалардың жан-жақты қабілеттері мен мүдделерін дамытуды қамтамасыз ететін тақырыптық бағдарламалардың болуы және іске асырылуы			
13	Төтенше жағдайлар мен қалыптан тыс табиғи құбылыстар кезінде балалардың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтардың болуы			
14	Тәлімгерлер мен тәрбиешілердің күнтізбелік жоспары			
15	Балаларды отрядтар бойынша бөлу журналы (тізімдері)			
16	Ас мәзірі			
17	Диспенсер			
18	Кітапхана, көркем әдебиетпен қамтамасыз ету			
19	Дене шынықтыру жабдықтары, спорт және ойын алаңдары			
17	Лагерьді қабылдау және тапсыру актісі			

